

«Жас лингвист» үйірмесінің отырысы өтті
Бүгін Шымкент университетінің Филология кафедрасы және Жас ғалымдар кеңесінің жанындағы «Жас лингвист» үйірмесінің кезекті отырысы өтті.

Іс-шараның негізгі мақсаты – студенттердің тілге деген қызығушылығын арттыру, үштілділіктің маңыздылығын түсіндіру және тіл мәдениетін дамыту болды.

Отырыста келесі баяндамалар тыңдалды:

«Үштілділік – уақыт талабы»

«Орыс тілінің маңыздылығы»

Баяндамашылар көптілді қоғамдағы тілдердің өзара байланысы, үштілділік саясатының білім беру жүйесіндегі рөлі және орыс тілінің мәдениетаралық коммуникациядағы маңызы туралы өз ойларымен бөлісті.

Үйірме отырысы мазмұнды пікір алмасуға, студенттердің тілдік көзқарасын кеңейтуге және заманауи тілдік үрдістерді талдауға мүмкіндік берді.

